

## Спорт саласындағы мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы N 27 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 21 қаңтарда N 2088 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы N 980 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 27.05.2013 N 980 қаулысымен**

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Қоса берілген «Екінші және үшінші, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Т.Қ. Есжановқа, «Петропавл қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Р.Е. Асылбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қала әкімі</i>	<i>Б. Жұмабеков</i>	
Солтүстік	Қазақстан	облысы
Петропавл	қаласы	әкімдігінің
2012	жылғы	14
қарашадағы		
№ 27 қаулысымен бекітілді		

**«Екінші және үшінші, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші**

## **санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламенті 1. Негізгі ұғымдар**

1. Пайдаланылатын терминдер мен аббревиатураларға анықтама:

1) облыс маңызындағы қаланың дене шынықтыру және спорт мәселесі бойынша жергілікті атқарушы орган - «Петропавл қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

2) құрылымдық - функционалдық бірліктер – бұл уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе олардың кіші жүйелері (бұдан әрі – ҚФБ).

## **2. Жалпы ережелер**

2. Мемлекеттік қызмет облыс маңызындағы қаланың дене шынықтыру және спорт мәселесі бойынша жергілікті атқарушы органы - «Петропавл қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган), осы Регламенттің 1, 2-қосымшаларына сәйкес алушының тұрғылықты орны бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы және филиалының қалалық бөлімі (бұдан әрі - Орталық) арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтің шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметті мобильді орталықтар арқылы көрсетуге жол беріледі.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 22-1 бабының 2, 3, 4 және 5-тармақтарының, «Дене шынықтыру және спорт саласында азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу мен шарттарының ережесін, сондай-ақ Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі м.а. 2011 жылғы 5 наурыздағы № 02-02-18/29 бұйрығының, «Спорттық атақтар мен разрядтар және спорттан төреші санаттарын берудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі м.а. 2008 жылғы 22 тамыздағы № 01-08/142 бұйрығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі № 981 қаулысымен бекітілген «Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары

деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат жергілікті атқарушы органның gorsport@sko.kz интернет - ресурсында, жергілікті атқарушы орган, Орталық фойелерінің стендтерінде, ресми ақпарат көздерінде орналасқан.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште 5 жыл мерзімге спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді (бұдан әрі - үзінді) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды құжат нысанындағы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға, спортшыларға және спорт төрешілеріне (бұдан әрі - алушылар) спорттық разрядтары мен біліктіліктерді ресми тану мақсатында көрсетіледі.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда ұсынады);

2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды;

3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша Орталықтардың ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтама бюро, күту үшін орындықтар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар анықтамалық стендтер орналасады. Ғимаратта мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар көзделген (күтуге арналған орындықтар, стенділер).

Спортшыға спорттық атақ, разряд беру үшін құжаттар сәйкесінше нормативтер мен талаптарды орындау сәтінен алты ай ішінде жергілікті атқарушы органдарға және орталықтарға жолданады.

11. «1 жасөспірімдік разряд спортшысы», «2 жасөспірімдік разряд спортшысы», «3 жасөспірімдік разряд спортшысы» спорттық разрядтарын беру туралы мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы Орталыққа мынадай құжаттар

т і з б е с і н

б е р е д і :

1) осы Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы ұсыным;  
2) жарыстың атауы, оны өткізу мерзімі мен орны көрсетілген, жарыстың бас төрешісі мен бас хатшысы қол қойған хаттамадан үзінді;

3) осы спорт түрінен республикалық федерацияның мөрімен расталған жарыстар хаттамаларының көшірмелері;

4) осы Регламенттің 4-қосымшасына сәйкес жарыстың бас төрешісінің және бас хатшысының қол қойған бокс, күрес және басқа да жекпе-жектердің нәтижелері туралы анықтама;

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурс болып табылатын құжаттардың мәліметтерін жергілікті атқарушы орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжат нысанында алады.

Орталық қызметкері түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы» санаттарын беру (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызмет алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін ұсынады:

1) осы Регламенттің 6-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) білімі, біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесі;

3) еңбек кітапшасының немесе датасы және оны тоқтату негіздемесі туралы жұмыс берушінің белгісімен еңбек шартының көшірмесі немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынасын жасау және тоқтатуды растайтын жұмыс беруші актісінен үзінді немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағаттық анықтама;

4) осы Регламенттің 7-қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама («Біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы» санатын беруді қоспағанда);

5) аталмыш спорт түрі бойынша облыстық федерацияның мөрімен расталған жарыстар хаттамасының көшірмесі («Біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы» санатын беруді қоспағанда);

6) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

Мынадай құжаттардың мәліметтері:

жеке тұлға үшін - алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландырушы құжат.

Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары

болып табылатын құжаттар мәліметін электрондық цифрлық қол қойылған электронды құжаттар үлгісінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Орталық қызметкері мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйеден ұсынылған құжаттар көшірмесі мен мәліметтің дұрыстығын түпнұсқамен салыстырады, кейін түпнұсқаны мемлекеттік қызметті тұтынушыға қайтарады.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы» санатын беру осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес дене шынықтыру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымы үшін біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер» санатын беру (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызмет алу үшін алушы Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін тапсырады:

- 1) осы Регламенттің 6-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) білімі, біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесі;
- 3) еңбек кітапшасының немесе жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шартының немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзіндінің көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағат анықтамасы;
- 4) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

Мынадай құжаттардың мәліметтері:

алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер» санатын беру осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес дене шынықтыру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымы үшін біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін электронды сандық қол қойылған электронды құжаттар үлгісінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Орталық қызметкері мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйеден ұсынылған құжаттар көшірмесі мен мәліметтің дұрыстығын түпнұсқамен салыстырады, кейін түпнұсқаны мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы» санатын меншіктеу (және/немесе растау) туралы мемлекеттік қызмет алу үшін алушы

Орталыққа мынадай құжаттар тізбесін тапсырады:

- 1) осы Регламенттің 6-қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) білімі, біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесі;
- 3) еңбек кітапшасының немесе датасы және оны тоқтату негіздемесі туралы жұмыс берушінің белгісімен еңбек шартының көшірмесі немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынасын жасау және тоқтатуды растайтын жұмыс беруші актісінен үзінді немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағаттық анықтама;
- 4) мөрмен расталған соңғы екі жылдағы спортшының жетістіктерін көрсетумен санат меншіктеу туралы спорт түрлері бойынша республикалық федерацияның қолдау хаты;
- 5) алдындағы біліктілік санатын меншіктеу туралы куәліктің көшірмесі.

Құжаттар мәліметі:

алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат.

«Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер», «Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер» санатын меншіктеу осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес дене шынықтыру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымы үшін біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін электрондық сандық қол қойылған электронды құжаттар үлгісінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Орталық қызметкері мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйеден ұсынылған құжаттар көшірмесі мен мәліметтің дұрыстығын түпнұсқамен салыстырады, кейін түпнұсқаны мемлекеттік қызметті тұтынушыға қайтарады.

«Спорт төрешісі» төрешілік санатын беру туралы мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы Қазақстан Республикасының спорттық біліктілік талаптарына сәйкес төрешілік практикасы тәжірибесін растайтын құжатты (семинарлар, курстардан өтуін) Орталыққа ұсынады.

12. Орталық арқылы мемлекеттік қызмет алу үшін өтініш бланкілерін толтыру талап етілмейді.

13. Орталықта құжаттарды қабылдау «кедергісіз» қызмет көрсету арқылы операциялық залда Орталық қызметкерлерімен жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттар тапсырылған кезде алушыға мыналар көрсетіле отырып тиісті құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат беріледі:

- 1) сұрауды қабылдау күні мен нөмірі;
- 2) сұрау жасалған мемлекеттік қызмет түрі;

- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- 4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 6) алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

15. Орталықта дайын құжаттарды алушыға беруді орталықтың қызметкері қолхаттың негізінде онда көрсетілген мерзімде күн сайын «терезе» арқылы жүзеге асырады.

Егер алушы көрсетілген мерзімде қызметтің нәтижесін алуға келмесе, орталық оның бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін жергілікті атқарушы органға береді.

16. Жергілікті атқарушы орган аталған мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

- 1) осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген толық құжаттар тізбесін тапсырмауы;
- 2) құжаттарда жалған немесе бұрмаланған деректер анықталса;
- 3) спортшыға спорттық атақтарды беру құжаттарын тиісті норматив немесе талаптар орындалған сәттен бастап алты айдан асып кеткен мерзімде ұсынылса.

Осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуін алушы тапсырмаған жағдайда Орталық құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Орталық қызметкерімен құжаттарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсетумен қолхат беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін белгіленген мерзімде немесе құжаттарды толық тапсырмаған жағдайда екі жұмыс күні ішінде алушыға өтінішті қарастырудан бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

17. Алушыдан өтініш алған сәттен бастап көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

- 1) алушы мемлекеттік қызметті алу үшін Орталыққа жүгінеді;
- 2) Орталық инспекторы өтінішті қабылдайды, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген құжаттардың тізбесі алушымен толық ұсынылмаған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тартылады, алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсетумен қолхат береді. Құжаттар топтамасы толық болған жағдайда өтінішті тіркейді, алушыға құжаттарды беру күні көрсетілген қолхат береді және Орталықтың жинақтау бөліміне тапсырады;
- 3) Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы құжаттарды жинайды және жергілікті атқарушы органға тапсырады;
- 4) жергілікті атқарушы органның жауапты маманы құжаттарды Орталықтан

қабылдайды және жергілікті атқарушы органның басшысына қарауға тапсырады;

5) жергілікті атқарушы органның басшысы ұсынылған құжаттарды қарауды жүзеге асырады, жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысына құжаттарды жолдайды ;

6) жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын мен шүбәсіздігін тексеруді жүзеге асырады, спорттық атақтарды, разрядтарды беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі-Комиссия) қарауына жолдайды ;

7) Комиссия ұсынылған құжаттарды қарайды. Отырыста қараған жағдайда комиссия спорттық атақты, разрядты және спорт төрешісі санатын беру туралы немесе спорттық атақты, разрядты және спорт төрешісі санатын беруге ұсынылған құжаттарды қараудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

8) жергілікті атқарушы органның басшысы Комиссия хаттамасының негізінде , Комиссия отырысын өткізген күннен үш жұмыс күні ішінде спорттық атақтарды немесе спорттық разрядтарды беру туралы бұйрық шығарады;

9) жергілікті атқарушы органның жауапты маманы үзіндіні немесе электронды құжат үлгісінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және жергілікті атқарушы органның басшысына қол қою үшін жолдайды ;

10) жергілікті атқарушы органның басшысы үзіндіге немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және жергілікті атқарушы органның жауапты маманына жолдайды ;

11) жергілікті атқарушы органның жауапты маманы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тіркейді және Орталыққа жолдайды;

12) Орталық инспекторы алушыға үзінді немесе электронды құжат үлгісінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекеттестік) тәртібінің сипаттамасы**

18. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне келесі құрылымдық – функционалдық бірліктер қатысады (бұдан әрі – ҚФБ):

- 1) Орталық инспекторы;
- 2) Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы;
- 3) жергілікті атқарушы органның жауапты маманы;
- 4) жергілікті атқарушы органның басшысы;
- 5) жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысы;
- 6) спорттық атақтар, разрядтарды беру бойынша Комиссия.

19. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара



әрекетін мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураның) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 8-қосымшасында келтірілген.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті көрсететін сызба осы Регламенттің 9-қосымшасында келтірілген.

## **5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

21. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын жергілікті атқарушы органның, Комиссия мүшелері, Орталықтың басшылары, лауазымды тұлғалары (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға б о л ы п т а б ы л а д ы .

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздікке) жауап береді.

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

### **Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жергілікті атқарушы орган**

Жергілікті атқарушы органның атауы	Заңды мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 23	Күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00, демалыс күндері – сенбі және жексенбі	8 (7152) 36-61-82

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі

екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

### Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы

Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	Заңды мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК СҚО бойынша филиалы	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Әуезов к., 157	Күн сайын түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00 дейін, демалыс – жексенбі	8 (7) 33-31-03
«Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК СҚО бойынша филиалының қалалық бөлімі	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 72	Күн сайын сағ. 9.00-ден сағ. 20.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00 – 14.00, демалыс –жексенбі	8 (7) 31-06-52

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

### Нысан

ҰСЫНЫМ		Атақ	Түрлі түсті сурет
Спорт түрі		Туған күні	(2 дана) 3,5 x 4,5
тегі, аты, әкесінің аты (мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады)		Ведомство	Спорт мектебі
Ұсынып отырған өңір (облыс, қала)		Білімі	Дене шынықтыру білімі
Оқу, жұмыс орны			
Спортпен шұғылдану өтілі			
Үйінің мекенжайы			
Алдыңғы атағы		Атақ берілген немесе расталған күн	
Спортшыны даярлаған жаттықтырушының Т.А.Ә.		Жаттықтырушылық санаты	
Бастапқы дене шынықтыру ұйымы		Дене шынықтыру және спорт басқармасы (облыс, қала)	
Басшы		Басшы	
М О		М О	
Күні 20__ жыл «__»__		Күні 20__ жыл «__»__	
Аталған спорт түрінен Қазақстан Республикасының федерациясы		Басшы	
М О		М О	
Күні 20__ жыл «__»__		Күні 20__ жыл «__»__	

Комиссияның қарауына келіп түскен күні 20\_\_ жыл «\_\_» \_\_\_\_\_

Негізгі көрсеткіштер (нормативтер)			
Орындаған күні (күні, айы, жылы)	Жарыстардың атауы	Жарыс дәрежесі, санаты	Көрсеткен нәтижесі
Төреші лауазымы	Төрешінің Т.А.Ә.	Қала (ел)	Төрешілік санаты
Бас төреші			
Бас хатшы			
Аға төреші			
Атақ беру туралы белгі	Жауапты тұлға (Т.А.Ә.)	Лауазымы	
Бас тартудың себебі және тәртіп бұзушылық туралы белгі жіберілген күні 20__ жыл «__» _____			

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 4-қосымша

Нысан

## Нәтижелер туралы анықтама

\_\_\_\_\_ берілді

Т . А . Ә .

\_\_\_\_\_ қаласы

Жарыстың өткен мерзімі және орны \_\_\_\_\_

С а л м а қ \_\_\_\_\_ с а н а т ы  
\_\_\_\_\_ кг дейін.

Алған орны \_\_\_\_\_

Аталған салмақ санатында қатысқан спортшылардың саны \_\_\_\_\_

--	--	--	--	--	--

Р/с №	Спортшының тегі, аты	Облысы (қаласы)	Спорттық атағы	Нәтижесі

Жарыстардың бас төрешісі \_\_\_\_\_

( Т . А . Ә . )

Жарыстың бас хатшысы \_\_\_\_\_

( Т . А . Ә . )

Жарыстың бас төрешісінің қолы өткізуші ұйымның мөрімен расталады. \_\_\_\_\_

(жаттықтырушы, әдіскер, нұсқаушылардың біліктілік санаттарын беру қағидаларымен таныстым)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 5-қосымша

**Дене шынықтыру және спорт ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарына арналған біліктілік талаптары 1. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы**

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, біліктілік арттыру курсынан өтуі, тиісті куәліктің болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиа ойындарда спорт түрлерінен бағдарлама немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

Азия ойындарда, Азияның Паралимпиадалық, Сурдлимпиаалық ойындарда спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерде 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, халықаралық жасөспірімдер ойындарда жеке немесе командалық ойын түрлерінен 1-5 орын алған бір спортшыны дайындау;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, халықаралық жасөспірімдер ойындарда жеке немесе командалық ойын түрлерінен 1-5 орын алған немесе студенттер мен жастар арасындағы әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

жеткіншектер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

республиканың ұлттық құрама командасына үш спортшыны дайындау;

республиканың жастар құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

республиканың жасөспірімдер құрама командасына бес спортшыны дайындау ;

елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде үш жыл жаттықтырушы – оқытушы ретінде жұмыс істеу.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын.

## **2. Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы**

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиа ойындарға бір қатысушыны дайындау ;

Азия ойындарда, Азияның Паралимпиадалық, Сурдлимпиаалық ойындарда спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерінде 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларға бір қатысушы спортшыны дайындау ;

мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарда, Азия жасөспірімдер паралимпиадалық ойындарында

спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 6-9 орын алған бір спортшыны дайындау ;

халықаралық кешенді жеткіншектер арасындағы ойындарда жеке немесе спорттың ойын түрлерінен 6-9 орын алған бір спортшыны дайындау;  
жеткіншектер арасында мүгедектер спорты түрінен әлем немесе Азия чемпионатында 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;  
республиканың ұлттық құрама командасына екі спортшыны дайындау;  
республиканың жастар құрама командасына үш спортшыны дайындау;  
республиканың жасөспірімдер құрама командасына төрт спортшыны дайындау ;

спортта дарынды балаларға арналған мектеп – интернатта немесе спорт колледжінде одан әрі жаттығуы үшін төрт спортшыны тапсыру;  
елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде бір жыл жаттықтырушы – оқытушы ретінде жұмыс істеу;  
дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс істеу.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын

### **3. Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы**

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:  
кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 6-8 орын алған бір спортшыны дайындау;  
жасөспірімдер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионаттарында 6-8 орын алған бір спортшыны дайындау;  
спортта дарынды балаларға арналаған мектеп – интернатқа немесе спорт колледжіне одан әрі жаттығуы үшін екі спортшыны тапсыру;  
облыстардың, Астана және Алматы қалаларының құрама командаларына үш

с п о р т ш ы н ы

д а й ы н д а у ;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс істеу;

дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орнын немесе басқа жоғары оқу орнының дене тәрбиесі факультетін үздік бітіргені туралы дипломның, сондай-ақ көрсетілген оқу орыны мен факультетін бітіргені туралы диплом мен «Қазақстан Республикасының спорт шеберінен» төмен емес спорттық атағының болуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, басқа да дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шетелдік спортты дамытудың жаңа медико - биологиялық және фармакологиялық әдістерін мен үрдістерін, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздерін, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық – гигиеналық нормаларын.

Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиа ойындарында спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерінде 1-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

Азия ойындарда, Азияның Паралимпиадалық, Сурдлимпиаалық ойындарда

спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық бағдарлама нөмірлерінде 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;  
